



SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №40 (9594) 4 қазан 2024 ж.



Маулен Әшімбаев Жетісу жұртшылығымен кездесті

Парламент Сенатының Төрағасы Маулен Әшімбаев бастаған АЭС салуды қолдау жөніндегі халық штабының мүшелері Жетісу облысына барып, өңір жұртшылығымен алдағы референдумға қатысты өзекті мәселелерді және энергетика саласын дамыту перспективаларын талқылады. Сапар барысында депутаттар сарапшылармен және қоғам қайраткерлерімен бірге облыстағы өндірістік кәсіпорындардың еңбек ұжымдарымен, сондай-ақ белсенді жастармен кездесті, деп хабарлайды ведомствоның баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Сенат Төрағасы АЭС салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудың жарқын көрінісі екеніне назар аударды. Сондай-ақ Палата Спикері бұл бастаманың стратегиялық сипаты мен ел экономикасына тигізер әсеріне тоқталып, алдағы референдумда әрбір қазақстандықтың дауысы маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Сонымен қатар Штаб мүшелері ақпараттық жұмыс аясында көп балалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар және әлеуметтік аз қамтылған санаттағы азаматтар жұмыс істейтін «Айсұлу» тігін фабрикасының ұжымымен, сондай-ақ қала құрылысымен айналысатын «Темірбетон» кәсіпорнының қызметкерлерімен кездесті.

Кездесулер барысында отандық өндірушілерді қолдау мәселелері, осы бағыттағы заңнамалық нормалар және референдумның маңызы кеңінен талқыланды. Іс-шаралар кезінде еңбек ұжымдары өз пікірлерін білдіріп, атом электр стансасының пайдасы мен одан туындайтын тәуекелдерге назар аударды.

Өңір тұрғындарымен және белсенді жастармен кездесуде өндіріске қажетті жаңа тәсілдерді зерделеудің және инновациялық технологияларды енгізудің игілігі сөз болды.

Жайдарман жаңалық

Таланты жасқа таптырмас орын



Жуырда Сарқан ауданына қарасты Бақалы ауылында осы Жөлкеден шыққан мемлекет қайраткері, көрнекті жазушы Кәкімжан Қазыбаевтың туғанына 95 жылдығына орай стадион салтанатты түрде ашылып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Ауылдың келбетіне ажар қосқан спорт нысанындағы футбол алаңына жергілікті бюджеттен бөлінген 80 миллион теңге қаржыға жасанды төсеніш төселіп, жалпы алаңы 3200 шаршы метр құрайтын нысанға жарық шамдар да орнатылған.

«Бүгін ауыл тұрғындарына арналған заманауи үлгіде салынған стадионның ашылу салтанатында бас қосып, қуанышты сәттің куәсі болып отырмыз. Спорт нысанында футболға арналған жасанды газон жабындысы мен жүгіруге арналған арнайы жолақ төселген. Сонымен қатар биылғы жылы осы жерге қосымша стритворкаут және балалар ойнайтын алаң салынатын болады. Осы стадионның абаатандыру жұмыстары толығымен аяқталып, енді осы маң спортты жаны сүйетін жандар үшін таптырмас орын болары сөзсіз», - деді Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев.

Қалиасқаров бұл стадион алдағы уақытта біздің жастарымыздың арасынан әлем, Олимпиада чемпиондарының шығуына септігін тигізеді деп ойлаймыз деп, жиналған қауымға ақ батасын берді.

Стадионды салтанатты ашу және алғашқы допты ойынға қосу мәртебесі аудан басшысы Ғалымжан Маманбаев пен К. Қазыбаев атындағы орта мектеп оқушысы Ержан Алдиярға берілді.

Ауыл тұрғыны, ақ жаулықты анамыз Самал Жағыпарованың айтуынша балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне әрі денсаулығына сеп болатын осындай нысандар көптеп салынғанына бүкіл ауыл қуанып жүр.

Стадионның ашылу құрметіне шағын футболдан әр ауылдан іріктелген 6 команда жасақталып, жарыс көркін қыздыра түсті. Турнир барысында командалар 20 минуттан 2 тайм өткізді. Барлығы да қолдан бермеуге тырысып



Аймақ басшысы сол сияқты өңірде спортты өркендету, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға кеңірек тоқталып, барлық ауылдарда спорт нысандары көптеп салынатынын мәлімдеп, жас спортшыларға футбол доптарын табыстады.

Келесі кезекте ауылдың ақсақалы Қозы Бекбатыров сөз алып, жастардың бос уақытын тиімді пайдалануына, спортпен шұғылдануына жағдай жасап отырған аудан әкіміне елді мекен тұрғындарының атынан алғысын білдірсе, ауыл ақсақалы Мейрамғали

бақты. Жарыс қорытындысы бойынша «кіл мықтыдан кім мықты» дегендей Бақалы ауылының жігіттерінен құралған команда I орын алса, II-ші орынды Қарабөгет ауылының командасы иеленді, ал үздік III-тікті Алмалы ауылының командасы түйіндеді. Осы жарыста сондай-ақ үздік қақпашы, үздік шабуылдаушы, үздік қорғаушы номинациялары бойынша сайыпқырандар марапатталды. Жарыс жеңімпаздарына кубоктармен арнайы дайындалған бағалы сыйлық, ақшалай қаражат табыс етілді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!



6 қазан
6 Октябрия

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
РЕФЕРЕНДУМ

Референдум учаскелерінен тыс дауыс беру

Дауыс беру күні тізімге енгізілген референдум учаскесіне келуге мүмкіндігі жоқ Қазақстан азаматтары учаскеден тыс дауыс бере алады



Негіздері:

+ денсаулық жағдайына байланысты

+ отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне орай



шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасуына байланысты



Ол үшін азамат орналасқан жері бойынша дауыс беру туралы жүгініп, учаскелік комиссияға жазбаша өтініш беруі қажет



«Баланың бақытты мекені-отбасы» дөңгелек үстел

2024 жылғы 27 қыркүйекте Ұлттық бала асырап алу агенттігінің ұйымдастыруымен Талдықорған қаласында «Баланың бақытты мекені – Отбасы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – Қазақстанда Кәсіби қабылдаушы отбасы институтын енгізу туралы ақпарат беріп, пікір алмасу.

Дөңгелек үстелге Талдықорған қаласының әкімдігінің мүдделі тұлғалары (білім басқармасы, денсаулық сақтау басқармасы, әлеуметтік жұмыспен қамту), Қамқоршылық және қорғаншылық органдары, Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердің өкілдері қатысты.

2016 жылдан бері Ұлттық бала асырап алу агенттігінің көмегімен 1945 бала қазақстандық отбасыларға орналастырылды. Олардың 244-і Реабилитация

жобасындағы диагнозы бар балалар және ол отбасыларға атаулы материалдық көмек, балалардың денсаулығын қалпына келтіру және оңалту түрінде қолдау көрсетілуде.

Алайда 4200-ге жуық бала әлі де ата-анасын интернаттық мекемелерде күтуде. Олардың басым бөлігі жасөспірімдер, ағайындылар және диагнозы бар балалар. Бұл мәселенің шешімі біздің елімізде үздік әлемдік тәжірибені – Кәсіби қабылдаушы отбасылар институтын енгізу болуы мүмкін.

Жаңа енгізілімді талқылау кезінде Қаратал ауданы бойынша білім бөлімінің қорғаншылық және қамқоршылық органының бас маманы – Сембекова Асельде «Қабылдаушы ата-аналар мектебін бітірген отбасылар кәсіби қабылдаушы ата-ана бола алады ма?»



деген сұрақ туындады. Қойылған сауалға жобаның басшысы, Рахметова Фаридә: «Кәсіби қабылдаушы ата-аналардың оқуы мен алатын сертификаттары өзгеше болады. Бірақ асырап алынған бала 18-ге толып кеткен болса, әрине, кәсіби қабылдаушы отбасы болуға ниет білдіре алады» деп жауап берді.

Кездесу барысында: «Балалар мәселесі мемлекет басшысы – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың үнемі назарында. Баланың құқығы мен қауіпсіздігіне, бала өміріне қатысты заңбұзылушылықтарға ерекше көңіл бөлінуде. Осы мақсатта «Ана Үйі»

Қоғамдық қорымен бірлесе, атсалыса жұмыс жасап жатырмыз. Қала әкімдігі атынан Ұлттық бала асырап алу агенттігіне табыс тілейміз. Қолымыздан келгенше заң аясында әрдайым қолдауға дайынбыз. Балаларымыз бақытты болса, еліміздің болашағы да жарқын болады» деп Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков қордың жұмысын қолдады.

Іс-шараның нәтижесінде мемлекеттік органдарға кәсіби қабылдаушы отбасы институтының маңыздылығы мен мәні егжей-тегжейлі баяндалды.

Өзекті

Жаза басқандарды жұмыспен қамту маңызды



Жуырда аудан әкімдігінің жанындағы Консультациялық-кеңесші органның кезекті отырысы өтті. Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында өткен жиынға аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғонысов төрағалық етіп, оған облыстық, аудандық прокуратура, полиция өкілдері, өзге де мүдделі мекеме-бөлім басшылары қатысты. Сондай-ақ барлық ауылдық округтің әкімдері тікелей байланысқа қосылды.

Күн тәртібінде пробацация есебінде тұрған, түзеу мекемелерінен босап шыққан азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту, әлеуметтік көмек көрсету және

аудандық пробацация қызметінің 8 айда атқарған жұмысының есебі қаралды.

Көтеріліп отырған мәселелер аясында баяндаманы Алмалы, М.Төлебаев ауылдық округтерінің әкімдері Берік Доланбаев, Гүлнұр Амандосова, аудандық Мансап орталығының басшысы Ернар Нұрқасым жасап, аталмыш елді мекендер бойынша пробацация есебіндегі азаматтар туралы жан-жақты мәліметтерімен бөлісті. Атап айтқанда жаза басып, істі болғандарды қоғамдық жұмыстарға тарту, тұрақты жұмысқа орналастыру сынды мәселелер баяндамашылардың негізгі ойларына арқау болды.

Ал аудандық Пробацация қызметі бөлімінің бастығы Мадияр Еркенов қызметтің ағымдағы жылдың 8 айында атқарған жұмысы туралы баяндама жасады.

Басқосуда сөз сөйлеген Жетісу облысы прокуратурасының үкімдердің орындалуын қадағалау бойынша облыс прокурорының аға көмекшісі Қанат Нухаев пробацация қызметінің есебіндегі, түзеу мекемелерінен босап шыққан азаматтарды толығымен жұмыспен қамту мәселесі қазіргі таңда өте өзекті екендігіне айрықша тоқталды. Және бұл мәселе жергілікті атқарушы органдардың, өзге де мүдделі мекемелердің үнемі назарында болуы керектігін ерекше ескертіп, аталмыш тұлғаларды қадағалау жұмыстары да босаңсымауы тиістігін еске салды.

Жиын барысында соңғы кездері қоғамда өткір мәселеге айналған өгей әкелер проблемасы да сөз болды. Прокуратура өкілдері тарапынан ауылдық округ әкімдері, аудандық білім бөлімі бұл тұрғыда бірлесе жұмыс жасау керектігін, аудандағы өгей әкелердің толық тізімі жасалып, әлеуметтік түр-тұлғасы анықталуы, олардың қарамағындағы балалардың психологиялық жағдайы тұрақты бақылауда болуы керектігі, ең бастысы отырыс аясында көтеріліп отырған шетін шаруалар қағаз бетінде ғана қалмауы айтылып, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар берілді.



П.ЖЕҢІСХАН.

Ауыл шаруашылығы

Мырзәнейл күздің берері мол

Қазір қызылша өнетін егіс алқабында қызу науқан. Ала жаздай төккен тер мен қажырлы еңбектің жемісін жинар кезең бұл. Дала еңбеккерлерінің тап осы шақтағы мақсаты шашпай-төкпей, жауын мен шашынға қалмай елдің ырыздығын жинап алу. Жуырда алқапты қызу еңбектің жайын білмекке шаруалар арасына бардық. Олардың қам-қарекетіне куә болдық. Нысанамызға – Сарқан қаласының шет жағында қызу еңбекке кіріскен «Абдрахимов» шаруа қожалығы ілінді. Шаруашылық басшысының орынбасары Абдрахимов Фархат Миратұлы өнімнің шығымына разы. Оның айтуынша, өздеріне тиесілі 110 гектар алқапқа биыл алғаш рет қызылша дақылын сепсе де нәтижесі көңілден шығады.

Биыл «Абдрахимов» шаруа қожалығы 250 гектарға арпа, 100 гектарға жүгері, 100 гектарға соя еккен. Ал 500 гектар алқапқа бидай еккен. Оған қоса бүгінде өз өнімділігін байқатқан 110 гектар қызылша алқабы бар. Біз науқан басында болғанда шаруашылықтың техникалары қант қызылшасын қазып, жүк көліктеріне тиеп жатты.

«Бүгінде шаруа қожалығында 4 адам тұрақты, 10 адам маусымдық жұмысшы ретінде нәпақа тауып жүр. Тап қазір барлығы егіс даласында еңбек етуде. Жауын-шашын жоқ кезде аянып қалмай, Жер-Ана тарту еткен несібемізді жиып алуымыз керек. Мемлекет тарапынан шаруалардың жайын назардан түсірмей, қолдауларын білдіріп те жатады,-дейді Фархат Абдрахимов.

Шаруашылық еңбеккерлері бүгінде қант қызылшасы алқабында аянып жатқан жоқ. Қожалық техникалармен да толық қамтылған. Атап айтқанда СТ АГРО ЖШС сервистік компаниясынан CIAAS 640 с АRION маркалы трактор мен Монопил атты тұқым сепкіш алған. Дала еңбеккерлері шаруашылық құзырындағы 110 гектардың өнімін жинап алуға қам жасауда. Шығым жаман емес, әр гектарына 275 центнерден өнім алынууда.

Ауданда қант қызылшасын қазу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп, мемлекет тарапынан шаруаларға көрсетілетін қолдаулар жасалып жатыр. Шаруалар да аянып жатқан жоқ. Егін жинауда техника жеткіліксіздігі байқалмайды. Шаруашылықтар бірінде жоғын бірінен алып, өзара ымыраластықпен қарекет етуде.

«Биыл аудан диқандары 2921 гектар алқапқа қант қызылшасын екті. Тәтті түбірді жинау жұмыстары қыркүйек айының 14 жұлдызынан басталды. Бүгінгі күнге 873 гектар алқаптан орташа өнімділігі гектарына 497,1 центнді құрап, 43393 тонна қызылша «Ақсу Қант» зауытына өткізілді, ауа райы қолайлы болып, жауын-шашын жаумаса жұмысымыз да нәтижелі болады, -дейді ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Жандос Өмірсадық.

Қара жердің қайтарымын еселеп, егін салумен шұғылданатын аграрлы аудан үшін күз айлары алты ай жаздағы еңбектің жемісін көретін кезеңі. Сарқандық қызылшашылардың мандай терінің өтеуін көруіне сенім мол.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.



Түсіндірме жұмыстары жүргізілді

"Біз қиындықтарға мойымай, барлық мәселені біртіндеп, байыппен шешуіміз керек. Мұның бәрі халықтың тұрмыс-тіршілігіне ғана емес, қазіргі бұлыңғыр замандағы еліміздің тағдырына да тікелей әсер етеді", - деді Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында. Аудандық халықтық штаб мүшелері жұртшылық арасында болып келешек энергия көзі болып табылатын, сонымен қатар медицинада кеңінен қолданылып, өндіріс пен өнеркәсіптің дамуына ықпал ететін ірі жобаны талқылауға мүмкіндік беретін референдумға қатысуды басты назарда ұстауда.

Қыркүйектің 25-інде "Самал" шаруа қожалығының еңбек ұжымымен кездесу өтіп, штаб мүшесі Күлшарбан Қалиева АЭС салудағы ең маңызды мәселе – еліміздің энергетикалық әлеуетін қамтамасыз ету екенін жеткізді. Сондай-ақ, бүгінгі күні мемлекетімізде электр қуатының тапшылығы сезіліп жатқанын тілге тиек етіп, ал электр энергиясына деген қажеттілік жылдан-жылға өспесе, кемімейтінін ашып айтты. "Самал" шаруа қожалығының басшысы АЭС жайында түсіндірме жұмыс жүргізген штаб мүшесі Күлшарбан Қалиеваға алғысын білдірді.

Сол күні халықтық штаб мүшелері "Сарқан жолдары" ЖШС-ның еңбек ұжымымен кездесу өткізді. Кездесуде АЭС-тің экономикалық тиімділігі, экологиялық қауіпсіздігі, және Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі маңыздылығына ерекше назар аударылды. Кездесу барысында АЭС-тің қазіргі заманғы технологияларының қауіпсіздігі мен сенімділігі туралы егжей-тегжейлі айтып, әлемнің дамыған елдеріндегі тәжірибелерді мысалға келтіріп, Қазақстанның экономикалық және экологиялық тұрақтылығын нығайту үшін атом энергиясын дамыту қажет екендігін алға тартты.

Халықтық штаб мүшесі Татьяна Лебедева Қойлық ауылындағы "Полухин" шаруа қожалығының еңбек ұжымымен кездесу өткізді. Кездесуде штаб мүшесі АЭС құрылысы мен 6 қазан күні өтетін

референдумға қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

"6 қазанда өтетін референдумға бір кісідей қатысуға шақырамыз. Ел болашағы үшін сайлауға келіңіздер", - деді ол.

Көктерек ауыл тұрғындарымен кездесу өткізген аудандық халықтық штаб мүшесі Асхат Исаков еліміздегі энергетикалық мәселелер, оның ішінде АЭС (атом электр станциясы) салудың артықшылықтары туралы жан-жақты ақпарат берді.

АЭС-тің қазіргі заманғы технологияларының қауіпсіздігі мен сенімділігі туралы егжей-тегжейлі айтып, әлемнің дамыған елдеріндегі тәжірибелерді мысалға келтірді. Олар Қазақстанның экономикалық және экологиялық тұрақтылығын нығайту үшін атом энергиясын дамыту қажет екенін алға тартты.

Қыркүйектің 26-сында аудандық халықтық штаб мүшелері Сарқан аудандық халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Сания Елюбаева жылдан жылға өсіп келе жатқан энергия қуатының тапшылығы жаңа өндірістердің іске қосылуына, жұмыс орындарын құруға кері әсер етіп, бизнестің дамуына кедергі келтіреді. Бұған жол беруге болмайды. Осы мәселені түбегейлі шешу үшін кең ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жүргенін айтты.

Сол күні аудандық халықтық штаб мүшесі "Сарқан жылу" еңбек ұжымымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында АЭС жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, пайдалы ақпараттар айтты.

6 қазанда өтетін референдумға бір кісідей қатысуға, өз таңдауларын жасауға шақырды.

Сонымен қатар аудандық халықтық штаб мүшелері «Алима-Агро» ЖШС-ның ұжымымен кездесу өткізді.

Кездесуде сөз сөйлеген штаб мүшесі Күлшарбан Қалиева АЭС-тың Қазақстан экономикасы үшін қаншалықты маңызды екендігін түсіндірді. Оның айтуынша, әлемнің дамыған елдері атом электр станцияларынан тоқ көзін үздіксіз өндіріп,



оны тиімді пайдаланып отыр. Қазіргі уақытта елімізде электр энергиясының жетіспеушілігі байқалуда, ал болашақта зауыттар мен фабрикалардың көптеп ашылуымен энергетика саласындағы жағдай күрт нашарлауы мүмкін. Осы себепті АЭС-ты енгізу арқылы туындайтын проблемалардың алдын алу қажеттілігі туралы сөз қозғады.

Аудандық халықтық штабы Аманбөктер ауылының тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында Қазақстанда АЭС салу экономиканың барлық салаларына, сондай-ақ ғылымға, білімге, әлеуметтік салаға оң әсер етеді. Сондай-ақ ғылымды қажетсінетін технологиялар мен аралас салалардың жедел дамуына мүмкіндік беретінін түсіндірді. Кездесудің соңында ауыл тұрғындары өз пікірлерімен бөлісіп, 6-қазанда жалпыұлттық референдумға толығымен қатысатындықтарын жеткізді.

Сонымен бірге аудандық халықтық штаб мүшесі «NURALAN» ЖШС-ның ұжымымен кездесу өткізді. Кездесуде АЭС туралы ақпарат айтты және 6 - қазанда өтетін референдумға шақырды.

Қыркүйектің 27-сінде аудандық халықтық штаб мүшелері «Ақ бұлақ» ЖШС-ның ұжымымен кездесу өткізіп, 6-қазанда өтетін референдумға шақырды. Кездесу барысында көтерілген сұрақтарға жауап беріліп, референдумның маңыздылығын баса айтылды. Өрбір азаматтың таңдау жасауға мүмкіндігі бар.

Сол күні «Абылкасымов» шаруа қожалығының еңбек ұжымымен кездесіп, ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың халыққа

Жолдауында көтерілген маңызды мәселелер әңгімеге арқау болды. АЭС-тің арқасында ең алдымен, тасымалданатын жарықтан құтылып, өзімізде өндірілген қуатқа қол жеткізілетіні, еліміздің экологияға зияны жоқ жасыл

аймаққа айналатыны айтылды.

Аудандық халықтық штаб мүшелері Алмалы ауылдық округінің халқымен кездесті. Олар өңір экономикасын әртараптандыруға, инвестиция ағынын ұлғайтуға және жаңа жұмыс орындарын құруға қабілетті жоба ретінде АЭС құрылысының маңызын талқылады. Штаб мүшелері Қазақстан жыл сайын миллиардтаған кВт/сағ электр энергия импорттайтынын еске салды. Жыл өткен сайын бұл көрсеткіш артып келеді. Энергия тапшылығына байланысты көптеген перспективалы өндірістер тек қағаз жүзінде қалуда. Осы мәселелерді АЭС шешеді. Бүгінде, болашақта еліміздің тұрғындары бейбіт атом энергиясының игілігін көре алады.

Қарабөгет ауылындағы әл-Фараби атындағы орта мектеп ұжымында референдум бойынша түсіндірме жұмыстары жалғасын тапты. АЭС еліміздегі өндірісті және көптеген мәселелер бойынша ғылыми зерттеулерді жаңа деңгейге көтере алады. Бұл туралы АЭС салуды қолдау жөніндегі аудандық халықтық штаб мүшелері Әл-Фараби атындағы мектеп ұжымымен кездесу барысында айтты.

Қыркүйектің 30-ында аудандық халықтық штаб мүшесі Сания Елюбаева политехникалық колледждің студенттерімен болашаққа қажет мәселені талқылады. Талқылау барысында АЭС-тің экономикалық тиімділігі мен пайдалы жақтары туралы егжей-тегжейлі айтып түсіндіріліп, 6-қазанда өтетін референдумға бір кісідей қатысуға шақырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер-өмір сапасы

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер — жеке мемлекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі. Ол қызмет алушылардың өтініші бойынша жеке түрде олардың құқықтарын, бостандықтарын мен қаржылы және қаржылы емес заңдылықтарға сәйкес және тұлғаларға қызмет көрсетуді іске асырады. Мемлекет алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі — жоғары сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге барлық халықтың бірдей қол жеткізу. Бұл мәселе заң жүзінде бекітілген.

«Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасына сәйкес, халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру мақсатында электронды түрде қызмет көрсету заман талабына сай қарқынды дамуда. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Бүгінгі таңда Амангелді ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік қызметтер

тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызметтің бірнеше түрін көрсетеді.

Заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда қамтамасыз етуге міндетті, бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың ішкі бизнес-үдерістерін автоматтандыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен азаматтардың өзара іс-қимылының ең тиімді нысаны ретінде электрондық мемлекеттік қызметтерді дамытуға ықпал етеді. 2024 жылдың тоғыз айлық есебі бойынша «Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде, қоғамдық орындарда мемлекеттік қызметтердің сапасын дамыту, электрондық мемлекеттік қызметтерді насихаттау мақсатында аудандық бұқаралық ақпарат құралдарына «Электронды мемлекеттік қызмет көрсету- заман талабы» атты мақала жарияланды.

Ауыл тұрғындарымен дөңгелек үстел ұйымдастырылып, электрондық мемлекеттік қызметтердің маңыздылығы бойынша наурыз айында Пограничник ауылында «Еgov жаршысы» жобасы аясында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Сапалы мемлекеттік қызмет – ел болашағы» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел барысында округте

көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері бойынша толық ақпарат берілді.

Электрондық Үкімет порталы арқылы 9 айлық жұмыс барысы аралығында көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны 175.

«Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде, электрондық мемлекеттік қызметтердің маңыздылығы бойынша 25 маусым күні Пограничник ауылында «Халыққа сапалы қызмет көрсету-бүгінгі күннің басты талабы» атты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Маусым айында «Мемлекеттік қызмет көрсету» атты жәрмеңке өтті. Жәрмеңке барысында округте көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері бойынша толық ақпарат берілді. Мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесін өткізудің негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті арттыру, халықты ақпарат-тандыру, оны электрондық нұсқада алуды үйрету, мемлекеттік қызметтердің ашықтылығын көрсету және қызметтердің сапасын арттыру, аудан көлемінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер және электронды қызметтер туралы толық ақпаратты бере отырып, қызмет көрсету бағытында толғандырған ойлар мен проблемалық мәселелерге,

сұрақтарға жауап беру.

Қыркүйек айында «Мемлекеттік қызмет көрсетудің маңызы зор» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел барысында округте көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері бойынша, қызметтердің сапасын дамыту, электрондық қызметтерді насихаттау мақсатында толық ақпарат беріліп түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінің ғимараттарында орналасқан Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында, арнайы маман бекітіліп, заңға сәйкес нұсқаулықпен «Электрондық үкімет» порталы арқылы керекті қызметтерді жергілікті тұрғындар қолжетімді, кедергісіз алуда. Амангелді ауылдық округ әкімі аппаратында қызметтердің стандарттары, регламенттері және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тәртібі туралы ақпараттар жазылған стендтер жасалған.

Округ әкімі аппаратының негізгі функцияларының бірі мемлекеттік қызмет көрсету саласында тұрғындардың өтініштерін қанағаттандыру, мүмкіндігі шектеулі жандар мен барлық қызмет алушыларға үнемі ыңғайлы жағдай жасау болып табылады.

Д.РАИМБЕКОВА,
«Амангелді ауылдық округі
әкімінің аппараты» мемлекеттік
мекемесінің бас маманы.

Әулетіне Әр Берген

Жомарт ИГИМАН

Биылғы берілетін ас Жетісу облысының Найман руының азаматтарының еншісіне бұйырған болатын. Қызылорда облысынан аманатты қабылдап алған жетісулық ағайындардың алдағы ауқымды іс-шарасына тыңғылықты дайындық жасалды. Ұйымдастыру тобының жетекшілері, Сарқан ауданының Құрметті азаматтары Қадыр Абдрахманов, Жанат Мұқашев, Жәлел Сасанбаев жыл аралығында Алматыда, Талдықорғанда, Алакөл, Ақсу аудандарында ағайындармен жүздесіп, жоба-жоспарларын ортаға салды. Бүкіл Найман ұлысының ұлы анасы Ақсұлу анамызға ескерткіш қоюға талпыныс жасалды. Талабымыз оң болып, ескерткіш жобасы көпшілік тарапынан мақұлданды. Қыркүйектің 20-сында ескерткіш дайын болып, Жаңақорғанға жеткізілді де ас қарсаңында Төлегетай бабамыздың қорымы аумағында қоныс тапты.

Астың алдында, қыркүйектің 27-сінде Түркістан қаласындағы "Керуен-сарай" кешенінде Ақсұлу анамыздың тағдыры арқау болған халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Конференцияға қазақстандық ғалымдармен, қаламгерлермен, тарихшылармен қатар Ресей, Қырғыз, Өзбекстан елдерінде тұратын Найман ағайындардың өкілдері қатысты.

Конференцияны Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, республикалық "Ұлы дала қырандары" қоғамдық қауымдастығының төрағасы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Садыбек Түгел жүргізіп, "Аттила-Қаптағай" республикалық қоғамдық қорының төрағасы Сабыр Қадырұлы кіріспе сөз сөйледі. Осы басқосудағы негізгі баяндаманы ортаға салып, "Аңызға айналған Ақсұлу ана" атты тақырыпты ашуға ұмтылдым.

"Бүгінгі конференция біздің атабабамыздың тарихына терең бойлап, аңыздан ақиқатты аршып алуға жәрдемдеседі.

Біз ата-тегімізді білеміз бе? «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген сөздің түп тамырына бойлай алдық па? Осы сауалдар бір ізге түсірілген шежіремізге ден қоюға жетелейді.

Шежіре деректер негізінде, Найман атамыз екі әйел алыпты, Қырғауыл атты үлкен әйелінен - Ақсақал, Үйелеш, Күйелеш туыпты; Шүңірекей деген әйелінен Тоқпан атты бір ұл туыпты. Жаугершілік заманның кесірінен Найманның төрт ұлы бірдей қаза табады, Тоқпанның әйелі 18 жасар Ақсұлу (Әлпеш) жастай жесір қалады. Сол кезде Найман 83 жаста екен. Сол заманның әйгілі ірі тұлғаларының бірі Найман атаның ұрпақсыз кету қаупі ақылды жас ана Ақсұлудың арқасына аяздай батады. Ол өзін әмеңгерлікке аламын деп әлек салған Арғын балаларының мазалауынан құтылу үшін Арғын бабамыздың алдына қошқар жетектеп барыпты. Мұның мән-жайын түсінген Арғын баба: «Құр суға бата жүрмейді, құр аяққа неке жүрмейді» деуші еді, балам. Қошқарың қалсын, өз басыңа бостандық бердім», - де-

ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ӨТКЕНІН ТАНЫП-БІЛІП, СОЛ ӨТКЕН ШАҚТЫ БҮГІНГІ БУЫНҒА ЖІПКЕ ТІЗГЕНДЕЙ ЕТІП ЖЕТКІЗУ АҒА БУЫННЫҢ ПАРЫЗЫ. БҮДАН БҰРЫН ХАБАРЛАҒАНЫМЫЗДАЙ ҚЫРКҮЙЕКТІҢ 28-ІНДЕ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНДА ТӨЛЕГЕТАЙ БАБАМЫЗҒА АРНАЛҒАН КЕЗЕКТІ АС БЕРІЛДІ.



ген екен. Осылайша бас еркіндігін алған данагөй әжеміз өз төркіні кіші жүз еліне барып, әке ықыласын алған соң сіңлісін атасына айттырып, келін ғып түсіріп әкеледі де, оны енді «Қыз ене» деп атап, өзі сіңлісіне келін болып, Найман атаның осы қыз-енеден көретін қызығының соңын күтіп, әмеңгерлік жолды соған беруге бел буады.

Халқымызда «Тілеу-анадан, тіреу-атадан», «Ата күшімен ер өседі, ана тілеуімен ел өседі» деген ғибратты сөздер бар ғой. Жаратушы сол бір ақылды ана тілегін қабыл көрген болар, Найман атаң 87 жасқа шыққан жылы бір шыр еткен көріп, өлгені тіріліп, өшкені қайта жанғандай болады.

«Менен қалған соңғы белгі осы шығар», - деп оның атын Белгібай қояды. Арада 18 жыл өтеді. Ақсұлу ана 36 жасқа келеді. Сонымен 36 жасар Ақсұлу ана 18 жасар Белгібайға некесін қидырады. Содан барып Сүйініш туады, Сүйініштен Төлегетай, Төлегетайдан Қытай би, Қытай биден Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл тарайды. Тағы сол данышпан ана Ақсұлу өз жасы ұлғайып қалғандықтан, өзінің және бір сіңлісін Белгібайға кішілікке қосады, одан Сүгірші, Өтеген деген ұлдар туады. Олардан Саржомарт, Балталы, Бағаналы, Көжарлы, Бура деген бес ата тарайды. Қытай би жастай қаза тауып, онан туған Қаракерей, Матай, Садыр, Төртуыл-Төлегетай атаның бауырында өсіп, «төрт Төлегетай» атанады. Найман баба өз кіндігінен тараған осы тоғыз ұрпақты көзімен көріп, 138 жасқа шыққан жылы төсек тартып жатып қалған екен дейді.

Бабасын баласындай әлпештеп, ұялы терек, үйірлі ел дәрежесіне жеткізген аяулы келін екі дүниенің ортасында талығып жатқан атасының алдына келіп, иіліп сәлем бергенде, Найман ата басын бір көтеріп барып қайта сұлқ жатып сандырақтап кетіпті.

Мұқым ел анадай қадірлеп тұрған

Әкемдей аяладым,
Құдайдан сұраған,
Қолдан құраған,
Ұрпағың өсті ормандай,
Ортайғаның толғандай.
Не бай- үміт пен арман бай,
Дүние, мал- сормандай,
Алты күн болды жатқаның,
Ақтық сусынның тат дәмін,
Артқа айтар өсиетіңіз бар ма,
Халқыңа үлгі болғандай?

Осыны айтып Ақсұлу ана кер ша-
рамен саумал ұсыныпты атасына.
Сонда Найман атамыз басын көтеріп,
шара толы қымызды қотара тартып:

-Бақытымды жандырған,
Сусынымды қандырған,

Ақ періштем -ай!-деп келініне де-
ген ыстық ықыласын таңдайы жібіген
соң барып тақпақпен жеткізіпті.

Найман атамыз дәу денелі, толағай
тұлғалы, батыр мүсінді алып адам
екен. Қақырығы қатып, қаңғырығы
түтеп жатқан жан сусындаған соң,
шөл өзегіне түсіп кетті ме, әлде айтар
сөзінің ар жақ, бер жағын түйіндей
алмай сенделіп отыр ма, ғасырдан
артық жас жасап, кәрілік жеңіп,
көңгіріп қалған қарт көзін жұмып үнсіз
отырып кетіпті.



келін сонда атасының алдында бы-
лай егілген екен:

- Ата-еке, тай бесті дей ме?
Жан ескірмей ме?
Шыққан күн кеш кірмей ме?
Сыбырлағанды құдай естімей ме?
Мың жыл жасағанмен,
Жалған жарық дүние тәтті,
Алдашы келіп қалған ба?
Сандырағыңыз жаныма батты.
Жасымнан паналадым,

Бір қауым уақыт күтіп, телміріп
отырған келіннің шыдамын күдік тоз-
дырса керек, еріксіз тіл қатыпты:

- Айналайын, Ататай-ай!

Өшіп кете жаздаған әулетіңнің
өсуге бет алғанын көзіңмен көріп,
болашағына көз жеткізгендей болып
едің. Шынымен тілге келмей кетесің
бе? Ұран ғып көтерер ұрпағың үшін
сәтке болса да сілкінші? Ақырғы
деміңізді Алладан сұрадым,-деп

Әуелше ана



басындағы ақ кимешегін мойнына қарай сырғытып, бұл күнде қасабалы бәйбіше болған Ақсұлу екі қолын аспанға жайып, сол тілегін ағыл-тегіл жырға қосып еңіреп жіберген екен.

Ақсұлудың ақ тілегі Аллаға жетті ме, әлде ой шыңырауында отырған қарттың түйіндеп айтар сөзі түгелімен тілінің ұшына қарай үйіріле қалды ма, Найман қарт кіртіген кірпіктерін найзаның ұшындай тіктеп, жарқабақтың астындағы шыңырау құдықтың суындай, қос жанарына от беріп, көзін ашқан екен дейді:

Айналайын, ақ періштем – ай!
Ақырғы сапардан аз да болса бөгедің – ау!
Мен үлкен болып саған пана болғанда, сен жас болып даналық көрсетіп едің.
Ақырғы лебізді айтатын өзің, ұрпаққа жеткізуші де өзің бол,- деп аяғын әлсіз үнмен тақпақтай жөнеліпті:

–Үсік шалса гүл солмақ,
Дүние – гүл,
Мың солып, мың толмақ...
Толтыратын әйел,
ортайтатын ер...

Ердің есері жау сағынады,
Жаушылықта ел шабылады.
Дүниенің ортайғаны емей немене?
Жөргекке түскен сәбидің
Жөргегін орап,
Қызыл шақа ұлды да, қызыл шақа
Қызды да бірін тұлпардай ғып
жаратып,

Бірін сұңқардай ғып тарантып,
Өсіретін кім еді?
Қызды ай теңеспес ару еткен,
Ұлды жалынды- жайсаң алып
еткен.

Бірін- қалыңдық, бірін күйеу еткен,
Әйел емей немене?
Ортайған дүниені толтырған
емей немене?

Құс таранады, ел жаңарады,
Жер көктегенмен өспейді,
Адам қырылса да, құрып кетпейді,
Жайсаң мен жақсы тектіден туады,
Атаның ақ жолын қуады.
Тексіздің арты- лаң,
Олардан есті,
Жонды жортқан Көкжал мен Құлан,
Қайғыда киген қамқадан,
Сулыққа киер тон артық.
Қан ұрттаған ханыңнан,
Таққа отырған залымнан,
Малын баққан қара артық.
Берекесіз дүниеден,
Ажалға бастар жол артық.
Дәрия сарқылмас,

Сөз, шіркін, таусылмас...
Әттең...,- деп үні үзіліп, бойын созып, ажал құшағына кірген екен, қайран қария.

Осылайша о дүниеге аттанған Найман атамның артында тоғыз ұл қалып, кейін ол тоғыз таңбалы Найман атанды.

Сөзімді Ақсұлу анамызға арналған жүрекжарды жырыммен түйіндедім:
Тәуелсізбін, қол жетті

басты арманға,
Жан сырыңды не жетсін
ақтарғанға.

Өз әжеміз Ақсұлу ойға оралды,
Төлегетай бабамды еске алғанда.

Рулы елдің басынан азалы мұң,
Арылса деп танытқан даралығын.
Анамызды Әлпеш деп әспеттеген,
Ұлы халқым, бұл нағыз даналығың.

Игі істен мен қалай сырт қаламын,
Жария етпей тегімнің құт қадамын.
Өркен жайып желкілдеп өнгеніміз,
Ақылыңыз, Өз Ана, жұртқа мәлім.

Нардың жүгін арқаға артып едің,
Тәуекелдің түсінді нарқын елің.
Келген жердің үміті үзілмесе,
Қиылмаса өркені – бар тілегің.

Әмеңгерлік маңдайға жазылғаны,
Кемеңгерлік қасиет танылғаны.
Сізден үлгі, Өз Ана, алғаны анық,
Алтын құрсақ қазақтың арулары.

Жаралғалы жұмыр жер,
ақық аспан,
Кімдер өсіп-өнбеді топырақтан.
Қаракерей Мұрын мен
Матай Қызай,
Әйелзаты еркектен ақылы асқан.

Шаңырақтың шырағын
жаға алмасаң,
Қиындықтан шығар жол
таба алмасаң.
Әлпеш анам, біз де анық
болмас едік,
Бабамыздың бағына жаралмасаң.

Жақсылардың осындай
жалғасы едік,
Аңыз еміп өскенбіз таңға серік.
Әулетіне әр берген әулиеміз,
Анамызды өтеміз хан көтеріп".
Баяндамадан соң "Қазақтың



"Кетбұқасы" қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Төлеген Бүкіров сөз алып, өлке тарихын зерттеп, насихаттауға және ата-бабалар мұрасын дәріптеуге қосқан зор үлесі үшін Болат Садықовты, Түгел Сәдібекті және осы жолдар авторын "Кетбұқа" медалімен марапаттады.

Келесі кезекте мемлекет қызметінің ардагері Бәкір Қазығұлов, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан-Ресей медицина университетінің кафедра меңгерушісі Жақсыбай Бижігітов, БҰҰ Адам құқығы жөніндегі комитетінің кеңесшісі, экономика ғылымдарының докторы, ҰҚК генералы Әбен Нұрманов, Түркістан қоғамдық кеңесінің төрағасы, Түркістан қаласының Құрметті азаматы Мақсұт Атамбаев, "Матай Бөрібай батыр" қорының төрағасы Берікбол Қасымов жарыссөзге шығып, алдағы атқарылар іс-шараларға тоқталып, ұсыныстарын ортаға салды.

Конференция Ақсұлу ана туралы зерттеу-зерделеуді жалғастырып, өмір сүрген жылдарын нақтылау туралы қарар қабылдады.

Ертеңінде ұлы бабаларымызға, ұлы аналарымызға арналған аса үлкен деңгейде өтті. Өзіміздің ұйымшылдық пен береке бірлігімізді көрсеттік. Асқа қатысқан 1000-ға жуық адамдар өздерінің ризашылықтарын білдірді. Бұған қоса жоғарыда айтқанымыздай Алматы облысының, Жетісу облысының Құрметті азаматы Аманғазы Шегіров ағамыздың ұсынысы бойынша Төлегетай баба - Қылышты ата мұражайына исі Найман руының анасы Ақсұлу (Әлпеш)



анамыздың ескерткіші орнатылғаны нұр үстіне нұр болды.

Өсіресе Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, кино және театр әртісі Саят Мерекеұлының сарқандық өнерпаздардың басын қосып дайындаған Төлегетай бабамыздың Қаракерей, Төртуыл, Матай, Садыр атты немерелерінің көрген түстерін жорығаны туралы қойылымы үлкен әсер қалдырып, жиналған жұрттың көзіне жас алдырды.

Ел алдында сыйлы, үлкен беделдің иесі болып жүрген Ұлытау, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Абай облыстарындағы Найман бірлестіктерін басқарып жүрген ағаларымызға сый-сияпат көрсетіліп, иықтарына шапан жабылды. Жиналған жұрт алдын ала жо-спарланып, жүйелі өткен іс-шараға ризашылықтарын білдіріп тарасты.

Осы шараны өткізуге қолқабыстарын тигізген Жаңақорған ауданының әкімшілігіне рахмет. Қаржылай үлес қосқан Жетісу облысының азаматтарының барлығына алғысымыз шексіз. Өткен жылдан бері ұйымдастыру шарасына ат салысып, жауапкершілікті ерекше сезінген алматылық Серікқали Жаманбалин, Қайнар Ерғалиев нәтижелі аяқталғанша ауқымды іс-шараның басы-қасында жүрді.

Ас мәзірін дайындауды өз міндетіне алып, үлкен көмек көрсеткен Шымкент қаласында тұратын Нұрлан Молдабеков бауырымызға өз ризашылығымызды білдіреміз.

Биылғы астың ұйытқысы болған "Аттила-Қаптағай" қорының төрағасы Сабыр Қадырұлының ұйымдастырушылық шеберлігіне жиналған жұртшылық тәнті болды.



Қоғамда кез келген адам қызығушылықтарына, қажеттіліктеріне, мүмкіндіктеріне қарай білім беру түрін таңдау құқығына ие. Ұлттың болашағы білім беру жүйесіндегі саралау үдерістерін қаншалықты тез еңсеріп, түрлі технологияларды дамытуға көшуімізге байланысты. Осы қажеттіліктерге мұқтаж мүмкіндігі шектеулі балалар Сарқан қаласының облыстық №3 арнайы мектеп-интернатында білім ала алады. Қазіргі таңда бұл мектепте 70-тен астам оқушы білім алуға.

Мектеп-интернатында мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған бірегей оқу орнының материалдық-техникалық базасы, бейіні бойынша жабдықталған шеберханалары, мультимедиялық және интерактивті жабдықтары бар оқу кабинеттері, балаларды демалуға және оңалтуға арналған бөлмелері, асханасы, спорт залы бар. Мектептегі логопед, психолог, дефектолог, емдік дене шынықтыру мамандары, пән мұғалімдері мүмкіндігі шектеулі балаларға күн сайын түзету жұмыстары қажет екенін ескере отырып, күнделікті әрбір оқушымен жеке жұмыс жасайды. Оқушылар сабақтан тыс уақытта Мамания мектебіне барып,



Жаны жайсаң Жақсы Жанғар

өздерінің қызығушылықтары бойынша әртүрлі үйірмелерге қатысады. Сонымен қатар мектептегі оқушылар 6 уақыттық тамақпен қамтылған. Айта кетелік, мектеп-интернаты спорт жетістіктерімен, түрлі байқаулардағы педагогтардың жетістіктерімен белгілі. Мектеп дәлізінде оқушылардың қолөнері мен түрлі жұмыстарының көрмелері орналасқан. Осы мектепке биылғы оқу жылында ба-

лаларымыз 1-сыныпқа қадам басты. Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу өте қиын, қиын болса да үздіксіз еңбек етуден жалықпайтын мамандар арнайы сабақтарын өткізіп, баланың бойындағы икем дағдыларын анықтап, қазіргі кезде балаларымыз мектепке бейімделуде. Осы мектеп-интернатының тірегі, жүрегі бола білген, ерекше балаларымыздың еркелігін

көтеріп, қателігін кешіріп, мейіріміне бөлей білген, әрдайым әрбір оқушының жанын түсінетін, жаны жаралы ата-аналарды жылыұшырай қарсы алып, ақыл-кеңесін аямайтын мектептің білім көшін жылжытып келе жатқан директор Сәрсенбаева Бақытгүл Сламжановнаға барлық ата-аналардың атынан ерекше алғысымызды білдіреміз. Сіздің жанашыр жүрегіңіз табиғаттың ең жомарт сыйларымен марапатталсын! Жасаған игілікті істеріңіз сізге жақсылықпен оралсын!

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы – деп ақын Ғ.Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан, үні ән мектептің барша ұлағатты ұстаздар қауымын және 1-сынып оқушыларының екінші анасы бола білген Таева Гульвира Тұрсынбаевна, Шопатова Айман Амангельдиновна, Исраил Амина Жеңісбекқызын төл мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз! Шәкірттеріңіздің құрметі мен махаббатына бөлене беріңіздер! Шығармашылық ізденістер, ғылыми жаңалықтарыңыз арта берсін. Әрдайым мерейлеріңіз үстем болсын!

Сарқан қаласының облыстық №3 арнайы мектеп-интернатының 1-сынып ата-аналары.

Ризашылыққа бөленді

М.Жұмабаев атындағы орта мектебінде ағымдағы жылдың 1 тамыз бен 30 қыркүйек айлары аралығында республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өтті. Іс-шараға мектебіміздің демеушілері биылғы жылы да аз қамтылған, жартылай жетім, көп балалы отбасы балаларына әлеуметтік көмек көрсетті. Қойлық ауылының әкімі А.Садвақасов, жеке кәсіпкерлер "Береке" сауда үйі жеке кәсіпкер М.Найманханова, "Жетісу" дүкені жеке кәсіпкер М.Әуелхан, "Сұлтан" сауда үйі жеке кәсіпкер И.Есимбеков сонымен қатар жеке шаруа қожалық иелері М.Макетов, А.Сейсенбеков, Е.Полухин, В.Алкин сынды азаматтар мен азаматшаларымыз көп балалы, аз қамтылған, жартылай жетім отбасынан шыққан оқушыларға мектеп киімдер мен аяқ киім және спорттық киім, спорттық аяқ киім сатып алып көмек көрсетті. Өз ісімен, жомарттылығымен жәрдем берген мектебіміздің директоры Л.Тентекматаева бастаған ұжым К.Қорлыбаева, Г.Есимжанова, Т.Буркитбаева, Ә.Дайырбекова, А.Советхан, А.Жолдыбаев, А.Абдраманхан, А.Балтабекқызы, Д.Серебрякова, Р.Күшербаева, З.Даулетбаева, Г.Денисламова, Э.Есеркеева, Б.Қажымұрат, А.Малаева, М.Күніспекова, Ш.Мараймова, Д.Агибаева 18 оқушыны мектепке қажетті киімдер мен мектеп сумкасымен қамтамасыз етті.

Мектеп оқушыларына материалдық көмек ұйымдастырып, мектепке керекті оқу-құралдар, спорттық киімдер, кеңсе заттары мен мектеп формаларын алып беріп, оқушыларымыздың және ата-аналардың ризашылығына ие болуда.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» - демекші, осындай жан жайсаң, жақсы адамдардың қайырымдылықтары үшін оқушылар мен ата-аналардың алғысым шексіз.

Б.ИМИРОВА,
М.Жұмабаев атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогы.



Акция

"Мейірімгі жүрек" мейірімге бөледі

Ұстаз деген сөз біз үшін қашанда қадірлі, қасиетті саналады. Небір данышпан да, қарапайым еңбек адамы да осы ұстаз алдынан өтеді.

Сондай ұлағатты ұстаз, білікті басшы – Сәрсенбаева Бақытгүл Сламжановна басқарған «Сарқан қаласының облыстық № 3 арнайы мектеп – интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жайлы айтсақ артықтық болмас. Сәрсенбаева.Б.С осы мектепке басшы болып келгелі аз уақыт болса да мектепте өте жоғары деңгейде жұмыстар атқарылып жатыр. Оқушыларға арналған әр түрі жабдықталған кабинеттер бар. Атап айтатын болсақ ұлдарға арналған ағаш, темір шеберханасы. Қыздарға арналған тігін шеберханасы мен қатар, тамақ жасауға арналған кабинеттер бар. Балаларымызға өте қажетті арнайы мамандардың кабинеті де өте жоғары деңгейде жабдықталған. Сонымен қатар ойын бөлмелері толық ойыншықтармен

қамтылған, балалар заман талабынан қалмасын деп, әлеуметтік желіге қосылған телевизорлар да бар. Балаларымызбен кез келген уақытта қарым-қатынас жасап хабарласа аламыз. Балаларымыз жыл сайын даму үстінде. Әр түрлі үйірмелер, Мамания мектебі, домбыра, шахмат, қолөнер, спорт жағынан да қалыс қалып жатқан жоқ. Сонымен қатар қайырымдылық іс-шараларда жиі өткізіледі.

«Мейірімді жүрек» акциясы жыл сайын өтетін қайырымдылық іс – шаралардың біріне айналып отыр. Басты мақсаты – тұрмысы төмен, мүмкіндігі шектеулі ерекше балаларға әлеуметтік көмек көрсету және қолдау көрсету жәрдем болып табылады. Жалпы бұл акцияның өзектілігі мен қажеттілігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр десем болады. Осы акция барысында үнемі қолдау көрсетіп жомарттық танытқан ағаларымызға, апаларымызға келген қонақтарымызға ата-аналардың

атынан үлкен алғысымызды білдіреміз. Мектебіміздің директоры Сәрсенбаева Бақытгүл Сламжановнаға алғысымыз шексіз. Осындай қайырымдылық іс – шараны жыл сайын ұйымдастырып отырған. Бір адам жаққан отқа, мың адам жылынады дейді халқымыз. Ел еңсесін биіктеткен осындай мейірімді істер жаңа көкжиектерге бастай берсін.

Бақытгүл Сламжановна - білікті басшы, ұстаз ғана емес, отбасында үлгілі ана. Иә, "Жақсы адам ғана жақсы басшы бола алады" демекші, білікті басшы, шығармашыл тұлға, ұжым мақтанышы. Сондықтан, білім сапасының артуына өз үлесін қосып, талай жыл талмай-қажымай еңбек етіп келе жатқан ол кісінің өз тұғырынан түспей, әлі де біраз белесті бағындыра беретініне сеніміміз мол.

Ата – аналар атынан
З.ДОСАНАМАНОВА, Н.БЕКСАПАРОВА,
А.БЫЖКЕЙЕВА, Қ.ҚОЖАГЕЛЬДИНОВА.

Еңбегі ерен, өмірі өнеге

Сарқан аудандық «Ардагерлер ұйымы», Пограничник ауылдық кітапханасы қызметкерлерімен бірлесіп ағымдағы жылдың қыркүйек айының 19 жұлдызы күні Сарқан аудандық ардагерлер үйінде ардагер ұстаз, Сарқан ауданының құрметті азаматы, оқу ісінің үздігі, аналар алқасының төрайымы Сүдірбаева Есбала Байболатқызына арналған «Еңбегі ерен, өмірі өнеге ұстаз» атты бенефис шоу өтті.

Іс-шара барысында ардагер ұстаздың өмір жолы, еңбек нәтижесі, ғылыми жұмыстары жайлы кітап көрмесі безендіріліп оқырман қауымға ұсынылды. Ұстазға арналып



ән айтылып, тілектер жолданды.

Іс-шара қонақтары аудан әкімінің орынбасары Байгунусов Алмас Ажарханұлына, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Жанасбеков Қадыл Тұрысбекұлына, аудандық «Әжелер алқасы» төрайымы Смаханова Ұлжан Өзбеханқызына, облыстық Ассамблея жанындағы аналар кеңесінің төрайымы Қалиева Күлшарбан Мырзабайқызына құттықтау сөзі берілді. Алматы қаласынан сәлемін жолдаған «Еңбек ардагері» медалінің иегері құрбысы,

замандасы, жерлесі Мағауия Ахметқалиқызының арнау жолдары оқылып, көрермен қауымға керемет әсер сыйлады. Немересі Өлім шығып өзінің шынайы апасына деген махаббатын тілек жолдарымен жеткізді.

Іс-шара соңында әсем әнді әуелетіп, қонақтармен, бүгінгі күннің бас кейіпкері Есбала Байболатқызымен естелік суретке түсті.

Ж.РАЙМБЕКОВА,
М.МЫРЗАХМЕТОВА.

1 қазан - Халықаралық Қарттар күні

ЖАРТЫ ҒАСЫР ЖЕР АНАДАН НӘР АЛҒАН

Жыл сайын елімізде 1-ші қазан «Халықаралық қарттар күні» деп аталып өтілетіні баршамызға белгілі. Жастар үшін қарттардың еңбегін бағалау, олардың мемлекеттің дамуына қосқан сан қырлы үлесін есте сақтау, қарттықты құрметтеу игі дәстүрге айналған үлкен шараның бірі.

Осы атаулы мерекеге орай әрбір мекеме-ұжым қарттарды аялап, төрден орын беріп, бағалы сыйлықтарын ұсынып сый-құрметтерін көрсетіп жатады. Ауылдық округтер де бұл мейрамнан тыс қалмай әр түрлі формадағы іс-шаралар өткізіп, қарияларды сыйлап, қадірлеп те жатады.

Еліміздің әрбір жас буыны үлкендердің даналығынан, олардың тәжірибесі мен адамгершілік қасиеттерінен үлгі алады. Соғыс жылдарында олар өздерінің ерліктерімен Отанды қорғап, қаншама қиындықтарды, аштықты бастан кешірді, соғыстан кейінгі жылдары халық шаруашылығын қалпына келтіруге, өз еңбектерімен экономиканың дамуына лайықты үлестерін қосты. Қарт адамдар жас ұрпақ алдындағы өз борышын өтеуде аянбай тер төкті. Бүгінгі күні қарттарға көрсетілген құрмет пен қамқорлық еліміздің дамуына жасалып жатқан оң қадамдардың бірі деп санаймыз.

Қасиетті Жер-ана еңкейіп еңбек еткен әрбір еңбекқор жанға барынша қамқор болатыны ақиқат. Жаратқан жыбырлаған пендесін несібесіз қалдырған емес. Ең бастысы – адамның жақсылыққа ұмтылуы, адал жолмен астабуы. Елу жылдан астам уақыт қасиетті қара жерден нәсібін тапқан Бақалы ауылының тумасы Тоқтарбек Төлепбековтың есімін ерекше атап өткеніміз жөн.

Бүгінде 73 жасқа келген ақсақал Сарқан өңірінің егіс алқабында қант қызылшасын өсірумен айналысады. Ауылдағы ағайынға еңбекқорлықтың, адамгершілік пен кішіпейілділіктің, белсенділік пен алғырлықтың озық үлгісін көрсеткен Тоқтарбек ата ешқашан жұмыстан жалтарған емес.

– Осы жасқа келгенше мен туған жерімде еңбек еттім. 1965 жылы ұжымшар тракторын жүргіздім. Міне, сол жылдан бері ауылшаруашылық техникаларынан алыстамадым. Қант қызылшасын өсіруді 1973 жылы бастадым. Күні бүгінге дейін тәтті түбірден қол үзбедік. Себебі, бұл кәсіпте менің тәжірибем жеткілікті. Осы арқылы адал жолмен нан таптым. Балаларымды жеткіздім. Қазір балаларым да,



немерелерім де адалдық жолында еңбек етуде, – дейді ақсақал.

Адал еңбекпен адал табыс тапқан біздің кейіпкеріміз зайыбы Күлсім Божалақова екеуі ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиелеп қана қоймай, ауылшаруашылығымен айналысатын шаруа қожалығын да бірге құрған. Бүгінде бұл қожалықта ұлдары Дәурен мен Жасұлан таңның атысынан, кештің батысына дейін тер төгіп, еңбек етуде. Олар соя, жоңышқа, қант қызылшасын егеді. Қос ұлы асқар таудай әкелері салған сара жолмен жүріп, қарияның ақыл-кеңесіне жүгініп, жемісті еңбек етуде. Ақсу қант зауытының қызылша қабылдау пункті

ашылған күні Жасұлан әкесімен бірге жүз тоннаға жуық қызылша алып келді. Тәжірибелі Тоқтарбек атаның ақыл-кеңесінің нәтижесінде «Божалақова» шаруа қожалығы орташа есеппен гектарына 750 центнерден өнім алмақшы. Кей шаруалар қызылшадан орташа өнімділікті гектарына 400 центнерден алуда.

– Жақсы өнім алу үшін тынымсыз еңбек ету керек. Саналы ғұмырымды ауылшаруашылық саласына арнағандықтан өнімге қай уақытта су, қай уақытта минералды тыңайтқыштар беру керектігін жақсы білемін. Десе де табиғи фактор әсер етпей қоймайды. Алайда биылғы өнім өте жақсы болды. Осы жасыма дейін ала жаздай жер тырмалап байып кеткем жоқ. Бірақ балаларды қатарынан кем қылмай өсірдік. Оқыттық. Үйлі еттік. Қазір бәрі бір-бір шаңырақтың иесі. Немерелерім де жастайынан еңбекке араласады. Көзге көрінген шөберемді де еңбекке баулимын деп отырмын. Қарапайым адамға бақытты болу үшін осыдан артық не қажет? Мен нағыз бақытты адаммын, – дейді Тоқтарбек ата.

Адал азамат адал еңбек еткенінің нәтижесінде Сарқан ауданының Құрметті азаматы атағын иеленген еңбек ардагері. Міне, дәл осындай қарапайым ғана еңбек адамы өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болуы тиіс. Олай болса, еңбекпен көктеп-көгерген Тоқтарбек атаға ғасыр асқан ата басылым атынан ұзақ ғұмыр тілейміз.



Қарттарға

Құрмет көрсетілді

Қазан айының 1-ші жұлдызында еліміз Халықаралық Қарттар күнін атап өтеді. Мейірімге толы мереке елімізде жыл сайын аталып өтіледі. Қарттар күні – егде жастағы адамдардың мемлекет пен қоғам алдындағы еңбегін ерекше құрметтеудің, сондай-ақ қарттарға қолдау көрсету, олардың тұрмысын жақсарту мен өмір сүру ұзақтығын арттыру сияқты мәселелерге назар аударудың символы. Және мейрам аясында қарттарға құрмет көрсетіліп, түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылады.

Осындай тәрбиелік мәні зор, жас ұрпақ тағылым алар айрықша шара аудандық орталық ауруханада да ұйымдастырылды. Атап айтқанда Сарқан аудандық ауруханасының терапия бөлімінде ем алып, ақ халатты абзал жандардың аялы алақаны мен мейірімді лебіздеріне бөленіп жатқан қазыналы қарияларға аталған ұжым шағын концерт ұйымдастырып, қамқөңіл жандардың көңілін көтердік. Айтулы мерекемен құттықтап, ақ тілектерімізді білдірдік. Сондай - ақ шағын сыйлықтар ұсынып, әжелердің иығына ақжаулық жауып, ақсақалдарға тақия кигізіп, қарттардың қуанышты көңіл-күйлерін бөлістік. Жалпы осынау елеуметтік мерекенің маңызы ерекше деуге болады. Өйткені баланы жастайынан үлкендерге, ата-аналарға құрметпен қарауға үйретеді, жалпы қоғамның аға ұрпаққа деген қамқорлығы мен қолдауын күшейтеді. Бұл ұрпақтар байланысын және дәстүр сабақтастығын сақтауға ықпал етеді. Ең бастысы – қарияларға көңіл бөлу, жан жылуын сыйлау. Осылайша өмірлері өнегеге толы қариялардың ақ тілегі мен ықыласты батасына бөлендік. Қарттарымыз қашанда аман жүрсін!

Аудандық орталық аурухананың терапия бөлімі.

Қос мереке құрметіне

Қазан айының тоғызы пошташылардың төл мерекесі. Осы күні қоғамның дамуына, адамдардың алға жылжуына өзіндік үлес қосып отырған осы саланың майталмандары кәсіби мерекелерін атап өтеді.

1993 жылы пошта мен телеграф өзара бөлініп, мемлекеттік пошта байланыс қызметі жұмыс жасай бастады. Қазіргі таңда Сарқан аудандық пошта торабында 22 ауылдық, 1 қалалық, 1 орталық операциялық учаскесі жергілікті халықтың игілігі жолында лайықты қызмет көрсетіп келеді. Қаншама пошта қызметкерлері уақытпен санаспай, қызы-жазы демей тегеурінді еңбектерімен ел алғысына бөлеуде.



Жетісу облыстық филиалында 9 қазан - Дүниежүзілік Пошта күніне байланысты 31 жылдық кәсіби мерекесіне орай, Сарқан ауданынан Пошта басшысы Дәулет Илимханов шақырылып, арнайы шараның қонағы болып қайтты.

Сонымен қатар 1 қазан - Халықаралық қарттар күніне байланысты, Сарқан аудандық Пошта байланыс торабы осы ұжымда ұзақ жылдар қажырлы қызмет жасап, зейнеткерлікке шыққан ардагерлердің басын қосып, мерекелік дастархан ұйымдастырып, әр зейнеткерлерге бағалы сыйлықтарын табыстады.

Бұл іс - шараға Сарқан ауданы әкімінің орынбасары Алмас Байгунусов және аудандық Ардагерлер ұйымының төрағасы Қадыл Жанасбеков қатысып, мекеме басшыларына ризашылықтарын білдірді. Қонақтар жыл сайын ауданда



алғашқылардың бірі болып, тұрақты түрде ардагерлерді құрметтейтін ұйымшыл ұжымға алғыстарын ақтарды.

Өз тілшіміз.

Ардагерлер ардақталды

Жыл сайын елімізде 1-ші қазан «Халықаралық қарттар күні» деп аталып өтілетіні баршамызға белгілі. Жастар үшін қарттардың еңбегін бағалау, олардың мемлекеттің дамуына қосқан сан қырлы үлесін есте сақтау, қарттықты құрметтеу игі дәстүрге айналған үлкен шараның бірі.

Осы атаулы мерекеге орай ауданымызда әрбір мекеме-ұжым қарттарды аялап, төрден орын беріп, ақ дастархан жайып, бағалы сыйлықтарын ұсынып, сый-құрметтерін көрсетіп жатады. Ауылдық округтер де бұл мейрамнан тыс қалмай әр түрлі формадағы іс-шаралар өткізіп, қарияларды сыйлап, қадірлеп жатады.

Осындай жарқын кездесу Сарқан политехникалық колледжінде өтті. Мерекелік дастархан жайылып, оған әр салада басшылық қызмет атқарып, ауданымыздың өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосқан ардагерлер шақырылды.

Аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев жиналған қарттарымызды мерекемен құттықтап, аға буын өкілдерінің айрықша еңбегін атап өтті.

"Құрметті әкелер, аналар, ағалар мен әпкелер, 1 қазан - "Халықаралық қарттар күнімен" сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Бұл мереке саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға- апаларымыздың төл мерекесі. Бүгінгі ұрпақ үшін жасаған бар жақсылықтарыңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін" - деді Ғалымжан Қанатұлы.

Құрмет пен қамқорлыққа толы шараны аудандық мәдениет үйі қызметкерлері концерттік бағдарламамен әрлеп, қазыналы қарттарға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Еліміздің әрбір жас буыны үлкендердің даналығынан, олардың тәжірибесі мен адамгершілік қасиеттерінен үлгі алады. Қарт адамдар жас ұрпақ алдындағы өз борышын өтеуде аянбай тер төкті. Бүгінгі күні қарттарға көрсетілген құрмет пен қамқорлық еліміздің дамуына жасалып жатқан оң қадамдардың бірі деп санаймыз. Шапағатты шараға қатысқан әрбір жан осындай ой түйгені анық.

Өз тілшіміз.

Қарттарын қадірлеген ел – арғақты

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің Сарқан филиалының ұжымы ағымдағы жылдың 1 қазаны күні осы мекемеде ұзақ жылдар қажырлы қызмет жасаған зейнеткер В.Косогамен кездесті.

Кездесу кезінде ардагермен емен-жарқын сұхбаттастып, өткен күндерді еске алысты. Ардагер өзінің ой-пікірімен бөлісіп, келешек ұрпақтарымыздың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеуді жөн көріп, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті.

«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген нақыл сөз бар. Қарттары бар ел, бақытты ел. Ел басына күн туған қиын-қыстау күндерде халқына сүйеу, жұртына қамқор болатын, келелі кеңес беретін осындай қарттарымыз қашанда аман болсын!

Кездесу соңында ардагердің ақыл-кеңестерін тыңдап, ризалығын, батасын алып, есті күннен естелік суретке түсіп қайттық.

Ж.УНЕРХАНОВА,

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының жоғарғы санат архивісі.



Білікті басшы - ұжым жемістігінің кепілі

Дүниедегі маман-дық атаулының төресі – ұстаздық. Өсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. Ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шам-шырақтай.

Ал осындай ұлағатты ұстаз деп «Сарқан қаласының облыстық №3 арнайы мектеп – интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білікті басшысы, озат ұйымдастырушы Сәрсенбаева Бақытгүл Сламжанқызы деп айтар едім.

Бақытгүл осы білім ордасына басшы болып келгелі аз уақыт болса да мектепте өте жоғары деңгейде жұмыстар атқарып, нәтижесін көріп те жүр. Ұлдарға ағаш, темір шеберханасын жабдықтаса, қылықты қыздар үшін тігін шеберханасы мен тамақ жасауға арналған бөлмелерді сайлаған. Әр түрлі үйірмелер ұйымдастырылған, Мамания мектебі, домбыра, шахмат, қолөнер, спорт жағынан да қалыс қалып жатқан жоқ. Сонымен қатар қайырымдылық іс-шараларда жиі өткізіледі.

Солардың бірі қамқорсызға қамқор болу, тағдырдың жазғаныменен жаралы болғандарға жәрдем беру, жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, қамқорлық, қайырымдылық сияқты асыл қасиеттерді бойына дарыту мақсатында өткен «Мейірімді жүрек» акциясы. Аталған іс-шарада жаны жомарт демеушілер қолдау көрсетіп, бағалы сыйлықтарын ұсынып шәкірттердің риясыз қуанышына бөленді. Осындай қайырымдылық іс – шарасы жыл сайын ұйымдастырып ауқымын кеңейтіп отыр. Ел еңсесіз биіктетіп осындай мейірлі істерді жандандырып жүрген Бақытгүл Сламжанқызының қызметіне тек қана табыс тілеймін.

Г. ҚАЛИЕВА,

Сарқан ауданының Құрметті азаматы, аудандық Аналар кеңесінің төрайымы.



ХАБАРЛАНДЫРУ

► Көлемі 18 сотық коммерциялық жер сатылады. Құжаттары дайын. Сарқан қаласында орталықтан қашық емес, бизнес жүргізуге қолайлы жерде, Абай мен Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан. 12 қанатты үлкен қазақ үйі және 8 қанатты кіші қазақ үйі, 30 шаршы метрлі тапшандар, 40 шаршы метрлі беседка, әжетханасы бар.

Қасында үйі де бар. Екі жерге тартылған суы, көлік тұрағы, түгелдей қоршалған жер жазда кәсіп ашуға немесе дүкен салуға өте ыңғайлы. Бағасы 20 млн теңге, келісім бар. Мына телефондарға хабарласыңыздар: 8702 1945120, 8777 3742851, 87018513026.

Зейнеткерлерді құттықтады



1 қазан күні Қазақстанда Халықаралық қарттар күні атап өтіледі. Мерекеге орай Мемлекеттік Корпорацияның Жетісу облысы бойынша филиалы акция өткізді. Бұл күні ХҚКО қызметкерлері зейнеткерлерді құттықтап, зейнетақы куәліктерін табыстады.

Айта кетейік, күніне филиалдың фронт-офистеріне 20-ға жуық қызмет алушы зейнетақы тағайындау қызметі бойынша жүгінеді. Қарттар күні еліміз бойынша барлығы 100-ге жуық аза-

мат куәлік алды. Ең көп зейнетақы куәліктері Талдықорған қаласында және Панфилов ауданында, ал ең аз мөлшері Текелі қаласында берілді. Бүгінгі таңда облыста 93 мыңға жуық зейнеткер бар. Аталған қызметті алушылар зейнетақы куәліктерін тапсыру сәтінде мемлекеттік қызмет көрсетудің жоғары деңгейде болғандығы, сондай-ақ ыңғайлы сервистер арқылы жүзеге асқандығы жайлы айтты.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңға өзгерістер енгізілді

Жетісу облысында тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында өтініштер артып келеді. Мәселен, жыл басынан бері Жетісу облысының сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментіне 500 өтініш түсіп, оның 205 өтініші оңды шешіліп, тұтынушыларға жалпы соммасы 11 млн.-нан астам теңге тұтынушыларға қайтарылған.

Тұтынушылар шағымдарының басым бөлігі бөлшек сауда, тұрмыстық қызмет, электронды сауда салалары бойынша түскен. Статистикаға сәйкес, тұтынушылардан электрондық сауда саласына өтініштердің үлкен өсуі байқалады. Өткен жылы электрондық сауда саласындағы өтініштердің саны 63 болса, ал биыл сегіз ай ішінде 78-ге жетті.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңға өзгерістер енгізілді. Заң жобасына енгізілген негізгі өзгерістер бойынша: 1) тұтынушылардың шағымдарын қараудың көп сатылы алгоритмін жеңілдету; 2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Омбудсмен; 3) тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі базалық қағидаттар; 4) онлайн саудада тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту жөніндегі түзетулер енгізілді.